

Білім беру үйімі МКҚК «Алтын бесік» бөбекжайы

Топ/сынып: Ересек «Күн сәулелері» тобы

Балалардың жасы 4 жастағы

Жоспардың күрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы

қантар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Кантар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар:</p> <p>Жүру. «жыланша», шашырап, тапсырмаларды орындаі отырып жүру:</p> <p>Tene - тендікті сақтау. тұра жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру. белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру.</p> <p>Домалату, лақтыру, қагып алу. допты кеуде тұсынан лақтыру, он және сол қолмен тік нысанага (нысана биіктігі-1,2 м) лақтыру (1-1,5 м қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату..</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. көлбеу модуль бойымен, туннель арқылы еңбектеу; саты бойымен өрмелеу, гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан тұсу (биіктігі 1,5 м).</p> <p>Секіру 15-20 см биіктіктен секіру, ілініп тұрған затқа қолды тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіру, сзықтан секіру, Сапқа тұру, қайта сапқа тұру.</p> <p>Кеудеге арналған жаттығулар:</p> <p>допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- онға) бұрылу;</p> <p>солға, онға бұрылу (отырған қалыпта);</p> <p>аяқты көтеру және тұсіру, аяқтарды қозгалту (шалқасынан жатқан қалыпта);</p> <p>Қимылды ойындар</p> <p>Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенделілігі мен шығармашылығын дамыту. Арбалар, автомобилдер, велосипедтер, доптар, шарлармен өзбетінше ойнауға ынталандыру. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар:</p>

		Шанамен сырғанау.
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Дауысты (а, ә, е, о, ү) дыбыстарды анық айтуда, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуда дағдыларын қайталау.</p> <p>Фонетикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажыратада білуге және атауға үйрету.</p> <p>Сөздік қор Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну .</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету .</p> <p>Байланыстырып сөйлеу Суреттерді, заттарды қарастыруды, әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысуши үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Шығармашылық сөйлеу іс әрекеті Кітаптарға қызығушылықты ояту. Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тындауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Шығармаларды қабылдау Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау . Әдеби шығармаларды мұқият тындау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау.</p>
	Көркем әдебиет	<p>Оқу әңгімелегу Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру кітаптардағы суреттерді өзбетінше, басқа балалармен бірге қарастырады.</p> <p>Мәнерлеп оқу қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуда үйрету.</p> <p>Мазмұндау Балаларды әңгімеге айтуда үйрету: затты, суретті өзбетінше зерттеп айтуда баулу.</p> <p>Театр дағдыларын дамыту</p>

	<p>Сахналық қойылымдарға қатысуға, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға булу.</p> <p>Моралдық нормалдар түсінігі ересектермен және құрдастармен қарым қатынас .</p>
Математика негіздері	<p>Көп «Көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру, заттардың санын ажыратуға үйрету. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Саны, себі 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «Нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды жасауға үйрету.</p> <p>Шамасы Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру.</p> <p>Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру.</p> <p>Геометриялық пішіндер Балаларды геометриялық фигуralарды (дөңгелек, ұшбұрыш, төртбұрыш) үйрету.</p> <p>Балаларды геометриялық фигуralарды (дөңгелек, ұшбұрыш, төртбұрыш) және денелерді (куб, шар, цилиндр) танып, атай білуге үйрету.</p> <p>Кеңістікке балу Өзінің дene мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау</p> <p>Ұақыт бойынша бағдарлау Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн)</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Жанды және жансыз табиғаттың заттары мен құбылыстары Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейту (жел, су, күн, ауа)</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, тұман, қар, бұршақ, боран және т.б.) кеңейту.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сұрту) туралы түсінікті дамыту.</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашиқ білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу.</p> <p>Жол ережелері Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сактауға үйрету. Сюжетті-рөлдік ойындар барысында жол қозғалысы ережелері туралы білімді бекіту.</p>

	Құрастыру	<p>Құрылымдық құрылышы Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденененін орналастыру.</p> <p>Қағаз құрылышы Ұжымдық құрылыш жасауға баулу, алдын-ала келісе отырып, құрылыш бөліктерін жеке дайындау.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағазды тікбұрышты паралын жартысынан бұктеу.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдан жасалған құрылыш</p> <p>Балаларды табиғи материалдардан түрлі заттар даярлауға баулу, бөлшектерді бекіту тәсілдері мен ғимарат жасау туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Конструктор бөліктерінен құрастыру</p> <p>Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру.</p>
	Сурет салу	<p>Заттық сурет салу</p> <p>Бейнелеу әрекетін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ұйымдастыру, балаларға бейнелейтін заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопак, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі.</p> <p>Сюжетті сурет салу қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру. Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту.</p> <p>Сәндік сурет</p> <p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табигат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту.</p>
	Мұсіндеу	<p>Заттық мұсіндеу</p> <p>Сазбалшықтан, ермексаздан мұсіндеуге қызығушылықта баулу. Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу.</p> <p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мұсіндеу.</p> <p>Сюжеттік мұсіндеу Заттарды мұсіндеуге қызығады. Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p> <p>Сәндік мұсіндеу. Бірнеше бөліктерді қосу, қысу тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мұсіндеуге баулу.</p>
	Жапсыру	<p>Заттық жапсыру Балалардың жапсыруға қызығушылығын арттыру. Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p> <p>Сюжеттік жапсыру Желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>

		Сәндік жапсыру Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін қолдану. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, коржынмен және т.б. таныстыру.
	Музыка	<p>Музыка тыңдау: Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музықадан алған әсерлері туралы әңгімелеген, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баю, жылдам).</p> <p>Ән айту: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау.</p> <p>Билер: Би қимылдары, ойындық музыкалық қимылдарды орындау дағдыларын қалыптастыру. Музыканың ырғағын дәл бере отырып, қимылды ырғақпен екі аяқпен кезек-кезек еркін және женіл секіру.</p> <p>Ойындар, хороводтар: Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында ойнау: Домбыра аспабының сүйемелдеуіндегі музыкалық аспапта ересектердің орындауындағы күй әуенін тыңдау. Фортепиано аспабында ересектердің орындауындағы би әуенін тыңдау.</p>